

**Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы,
"Білім беруді дамыту" орталығының баспасөз
қызметкері – Сатанбай Құттықыз Қайратқызы.**



Мәдениет пен цифрлық технологиялардың ұштасуы

Мәдениет – жер ғаламшарының тұтас айнасы, ұлттың дәуірлерден демі үзілмей жеткен мол мұрасы, тарихы, рухани келбеті. Замана көші айқындағанындай қай елдің мәдениеті мықты дамыса, сол елдің еңсесі биік, тұғыры мығым. Осы биікті бекемдей түсуде жаңа ғасырдың таңғажайып жаңалығы – цифрлық технологиялардың үлес-салмағы жыл жылжыған сайын артып келеді. Технологиялық төңкеріс кезеңінде IT мүмкіндіктер рухани тоқырау емес, мәдени толығу, жаңғырудың бастамасы болуы тиіс. Осы тұста сан саланың күретамырына серпін берген цифрлық технологиялар адамзаттың ауырын жеңілдеткені жасырын емес. Тетігін тауып, мәдениеттің қайта түлеуіне түрткі болған ғасыр ғажайыбының аталған салаға енгізген жаңалығы мен мүмкіндігі мол. Әсіресе, Еуразияның ең бай да бірегей мәдениетін бойына жинаған қазақ мәдениетінің тарихи тамырын сақтай отыра, бүгін мейлінше насихаттап, болашаққа бүтін аманаттау үшін цифрлық технологияны тиімді пайдалану маңызды. Мәдени саланы цифрландыру – тарихи, әдеби, мәдени жауһарларымызды кең насихаттау мен жаһанға танытудың төте жолы. Сондай-ақ цифрлық технологияның басты сыйы – жалпы жұртқа қолжетімділік. Ел аумағынан бөлек, шет ел азаматтары да шекара аттамай-ақ, ғаламтор арқылы қазақтың бай мәдени мұрасымен таныса алады. Бұл өз кезегінде туризмнің қанат жаюына ашылған жаңа тыныс деуге негіз бар. Қазақ территориясындағы тарихи-мәдени ескерткіштер, кесенелер, жәдігерлер тұмса табиғат ұлттық парктерге жасалған 3D турлар кімнің болсын қызығушылығын оятып, көзбен көруге ынтықтырады сөзсіз.

Малдың бір жұттық болатыны секілді, архивтегі құнды құжаттар мен сирек кітаптар бір төтенше жағдайдың құрбанына айналуы ғажап емес. Медиа-мәдениеттің сан жылдық мәйегі жинақталған «Қазақстан» ұлттық арнасындағы мыңнан аса құнды бейнелердің «Қаңтар қырғынында» қолды болуы сөзімізді айғақтайды. Сондықтан оларды ұзақ мерзімнен, мәңгілікке дейін сақтаудың алғышарты - цифрландыру аясында электронды нұсқаларын, ғаламторда базалық порталын дайындау деп білеміз.

Қазақстан үкіметі отандық мәдениет саласын цифрландыруға 2017 жылы белсене кірісті. Оның алғашқы айғағы «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы. Қызмет көрсету мен интернет игілігін барша кәсіби сала мен қатар күнделікті тірлікте сезіну үшін қолға алынған бағдарлама мәдени кеңістігіміздің де кеңеюіне сәулесін шашып жатыр. Мәселен «Цифрлы Қазақстан» бағдаламасы қолға алынған бастапқы екі жылдың өзінде Электронды кітапхана қорындағы құжаттар 2,5 есе артса, 51 мыңнан астам электронды көшірме жүктелген. Бұл деректер бүгінде көбеймесе азайған жоқ. Себебі, Ұлттық академиялық кітапхана порталының өзінен көне, жаңа кітаптардың электронды нұсқасынан бөлек, газет-журнал, құнды құжаттарға оңай қол жеткізуге болатынын көз көріп жүр.

Мәдениет министрлігі мәдени құндылықтарды цифрлық форматқа ауыстыру үшін халықаралық стандарттарға сәйкес әдістеме дайындалғанын

айтқан болатын. Оның іс жүзіндегі көрінісі ҚР Ұлттық музейінің базасында музей қорының мемлекеттік каталогы мен «Сакралды Қазақстан» бойынша виртуалды турлар жобасы. Соңғы жоба бойынша еліміздің көрікті, тарихи орындардың электронды-географиялық картасының жасалуы цифрлық технологиялар өлкетанудың өрлеуіне де оң әсер тигізгенінің нышанды белгісі.

Мәдениеттің іргелі тарақтары кино, музыкадағы цифрлық технологиялардың тартуы сапа мен жылдамдықтан-ақ байқалады. Ал төрткіл дүниеге биологиялық қауіп төндірген «тәжвирус» кең таралған тұста цифрлық технология театр мен қойылым сүйер қауымның арасын жалғады. Сала мамандары бұл істе тың тетік тауып, қойылымдардың виртуалды нұсқасын дайындап, арнайы сайттар арқылы көпшіліктің рухани қайнардан шөл қандыруына мүмкіндік сыйлады. Сондықтан, цифрлық технологияның соңғы жетістіктеріне ұмтылу, қолдану мәдени эволюцияға жол ашпақ. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Цифрландыру – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы», деген тұжырымы сөзімізді қуаттайды. Демек, цифрлық технологияларды пайдалану ғасырлар бойы жасақталған адамзат өркениеті мен мәдениетін түрлендіру мен дамытудың, ұрпақтар сабақтастығында жойылмаудың жарқын амалы.